

БІРЛІК



Ала-Тамашы Абай
 Атшарда шыңында турғы
 Ұлы Абайдың рухына
 тағзым етемік,
 Р. Разгалы
 Ташкентте 1995 жыл.

Зәки АХМЕТОВ,
 академик:

Қазір ғылымда талдаудан гөрі тамсану басым

— Егер есіңізде болса, бала кезіңізде Абаймен неше жасыңызда және қай өлеңі арқылы таныстыңыз?

— Бес-алты жасқа толпып, ес біле бастағанда біздің ауылдың адамдары Абай өлеңдері деп «Айттым сәлем, Қаламқас» пен «Көзімнің қарасын» жиі айтушы еді. Сірә, алғашқы жаттаған өлеңдерім осылар болса керек.

— Сізді абайтануға жетелеген жол және алғаш өзіңіз ашқан Абай тақырыбы турасында тоқтала кетсеңіз...

— Менің ақын өлемін ашуға деген ізденісім сонау студент кезімнен басталды. 1946-жылы университетті бітіріп, диплом аларда, оны Б. Кенжебаевтың жетекшілігі арқылы «Абайдың эстетикалық көзқарастары» деген тақырыпта қорғаған едім. 1947-жылы Ленинградта университетте оқып жүргенімде де біраз дүниелермен шұғылдандым. Ал 1951-жылы сонда жүріп, «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды қорғадым. Осы уақыттарда «Гюркологический сборник», «Вестник Ленинградского университета», «Қазақ ССР Ғылым Академиясы хабар-

шысы» тәрізді ғылыми басылымдарда Абай аудармалары, Абай және Пушкин, тағы да Абай және Лермонтов деген тәріздес тақырыптарда ғылыми мақалаларым жарық көріп отырды. Одан кейін де докторлық диссертацияны тікелей бағыттамағаныммен, орысша жазылған «Казахское стихосложение» деген тақырыптың аясында Абайға аз аялдаған жоқпын...

— Иә, одан кейін де бірқатар Абай тақырыбындағы еңбектеріңіз жарық көрді ғой. Ал «Абай» энциклопедиясында қамтылмай қалды-ау деген дүниелерге қалам тартқан екенсіз. Сонда арнайы энциклопедия тапсырысымен де шұғылданған боларсыз?

— Енді ондағы жарық көрген дүниелер үшін саудаласатын не бар? Тапсырыспен де жазған мақалалар болды. Ақын шығармашылығындағы аударма саласы — өзі бір ерекше алып қарастырылатын үлкен мәселе. Кейбір өлеңдерде аударма деп отырғанда, айналып келгенде, ақынның өзінің төл туындысына айналып кетеді. Кезінде аяулы Мұқанның өзі де кейбір өлеңдерді аударма деуге қимайтындығын айтып, қиналып отырушы еді. Ақиқатында тереңдеп зерттесек, ақын шығармашылығы бұл тақырыпта бірнеше қайшылық туындатады. Мәселен, Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанының еркін аударма екендігін айтпаған күннің өзінде, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп бастайтын өлеңі Лермонтовтың «Разбитое сердце» болып, «Қайтсе жеңіл болады жүрт билемек» деген өлеңі тағы да Лермонтовтың «Измайил — Бей» дастанының екінші бөлімімен сарындас аударма түрінде шыға келеді. Осы тәріздес біраз өлеңдердің сарындастығын аңғардық.

— Енді сіздің сол пікірлеріңізге сілтеме жасау арқылы әлдекімдер Абайды басқаша түсіндіруге тырысса, ақтала алар ма едіңіз?

— Менің осы жолдаған еңбегімнің өзі түптеп келгенде, осыған бағытталып отыр ғой. Ақын шығармашылығының төлтумалығын дәлелдеу — менің негізгі міндетім. Алайда шығарманың тарихилығы, оның жазылу себебі деген нәрселер үшін жаңағыдай дүниелердің бар екендігі ақиқат. Оның несібін жасырамыз? Соларға тоқталу арқылы Абай ақындығы көкжиегінің кендігі бөрімізді қайран қалдырады. Бұл — Лермонтовтың өзінде де, Пушкинде де бар жағдай. Ал жүйеге жүйріктік тамсанудан гөрі талдауға жетелейді.

Р.С: Жақында З. Ахметовтың «Ана тілі» баспасынан «Абайдың ақындық өлемі» атты кітабы жарық көрді. Онда автор аталмыш мәселеге кеңінен тоқталған.

Орынғали ӘДИБАЕВ,
 медицина ғылымының докторы, профессор:

Жылдарға қалар жәдігер

Мерейтой қарсаңында қалың жұртшылық игілігіне ұсынылып отырған «Абай» энциклопедиясы сөз жоқ, құнды жәдігер. Ол абайтану ғылымының белгілі бір кезеңін қорытындылап, бір түйіп тастаса, екінші бір қырынан қарағанда, жалпы барлық қазақтың абайлық танымы үшін қызметі айырықша. Әрі оның «Атамұра» баспасының жарық көруі көпшілігімізді қуанышқа кенелтті. Кенелтпей ше, рухани байлықтан гөрі заттық дүниені еске көп салатын бүгінгідегідей уақытта саф алтынныңыздың жақұт нұры жарқырай танылып жатса. Оның үстіне баспа тарапынан ұйымдастырылған энциклопедия таралымы да, көлемі де айтарлықтай.

Бір ескере кететін жайт — энциклопедия ағылшын тілінде де шығарылғалы жатыр деп естідік. Сол нұсқа негізінен аталмыш тойға дейін жарық көргенде, Абай тұлғасымен бірге «Абай» энциклопедиясында өлем алдында шоқтықтана, жандана көрінетін еді. Дегенмен, «Игіліктің ерте-кеші жоқ», — дейді ғой қазақ...

Энциклопедияда мүмкіндігінше қажетті деген тақырыптардың барлығы қамтылған екен. Шынын айтқанда, көпшілігі бұрын да белгілі, жазылып-айтылып жүрген мәселелер. Энциклопедияның қызметі де соларды қорытындылап, бірізге түсіріп қою ғой. Алайда, оқып отырып, сонша жаңалық ештеңе таба алмадық. Мұқанның «Абай жолы» эпопеясымен ондағы атаулар, кейіпкерлер турасында кеңірек тоқталған жөн еді. Өйткені, өлем негізінен Абайды осы шығарма арқылы ғана танып келеді ғой.

Тағы да айтпауға болмайтын дүние, кітапқа энциклопедия тақырыбына қатысы жоқ атаулар да кірігіп кеткен сияқты. Мәселен, қанша қайраткер болса да, Абайға арнап, бір-ақ өлең жазған адамдардың да есімдерін кездестірдік. Сонда Абай деп ауыз ашқандардың барлығы да абайтанушы болып кете бере ме? Абайға кім өлең арнамай жатыр дейсіз? Алыста, тау арасында жүрген малшы да екі сөздің басын құрастыра келе Абай деп айқайлап қоюы — әбден заңды құбылыс.

Бұл — әлдекімдердің есімдерін енгізу арқылы әркімдердің намысын жырғатын дүниелер емес қой. Сондықтан болашақта бұндай күрделі дүниенің тұщымды тұзын жеңілдетпей, сындарлы шеберханада көріктеу — көпшілігіміздің көкейіміздегі көксеу болғай.

Құдайға тәубе, жоқтан бар жақсы. Енді сол барымызды бағалай білейік те.